

**«Бір ел-бір кітап» акциясын  
үйымдастыру комиссиясының  
шешімі бойынша 2015 жылы  
жалпыхалықтық оқуга I. Есен-  
берлиннің «Көшпенділер» три-  
логиясы таңдалды.**

Аса көрнекті жазушы, Қазақ мемлекеттік  
сыйлығының иегері Илияс Есенберлиннің  
туылғанына 100 жыл толуына орай және  
«Бір ел- бір кітап» акциясы шеңберінде  
«Көшпенділер» трилогиясын насыхаттау  
мақсатында ОҚМУ-нің Ақпараттық білім  
беру орталығының №5 оқу залында «Қазақ  
тариҳын зерделеген ұлы жазушы» атты  
оқырмандар конференциясы етті. Іс-шараға  
«Филология» факультетінін студенттері  
және кітапхана қызметкерлері қатысты.  
Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл  
толуы кезеңімен тұспа-тұс келген кезеңде  
«Көшпенділер» тарихи шыгармасын ел  
боюп оқып, талқылаудың жас үрпақты

## **«ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҰЛЫ ЖАЗУШЫ»**



патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызы зор.  
Аталған іс-шарада «Көшпенділер» трило-  
гиясы және тарихи дерек» тақырыбында  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының  
ф.р.к., доцент Ақжол Қалшабеков бағында  
жасады. Қазақтың көрнекті жазушысы  
Илияс Есенберлиннің шыгармашылығы  
мен өмір жолы туралы презентация көр-  
сетілді. Бейбітбек Ақбота жазушыға арнау  
оқыды. Оқырмандар конференциясында  
трилогияның мазмұнын ашатын арнайы  
дайындалған сұрақтар бойынша студенттері:  
Ахмет Бекзат, Қалан Алтынай, Исабек  
Әзімхан өз пікірлерін ортага салып, ойла-  
рымен белгілі. Іс-шараға арнайы қойылған  
«Есенберлин мұрасы» атты кітап көрмесі

оқырмандарға  
тәнисстырылып,  
кеңінен насыхатталды.

Іс-шара соңы Талиппай Айжан, Абдураза-  
кова Назерке, Султанбекова Арайлымның  
орындауындағы өсем өндөрі қатысушы-  
лардың көнілінен шықты. Белсенді қатыс-  
кан студенттер алғыс хаттармен марапат-  
талынды. Оқырмандар іс-шарадан Илияс  
Есенберлиннің қаламынан туған Қазақ  
жүртіның 500 жылдық тарихын сурет-  
тейтін «Көшпенділер» шыгармасын ұлы  
дала мәдениеті, Қазақ хандығы туралы мол  
мағлұматтар алды.

**Халида ШАБУЛОВА  
ОҚМУ-нің АБО сектор менгерушісі**